

# ЕЛІМІЗДЕГІ ТОҚЫМА ӨНЕРКӘСІБІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі уақытта экономикадағы инновация рөлінің қарқынды өсуі кәсіпорындардың бәсекеге қабілетті болуы үшін инновацияларды енгізуді қажет етеді. Өйткені кәсіпорындар инновацияларсыз өндіретін өнімдерінің ассортиментін көбейтіп, сапасын жоғарылатып, нарықтағы өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыра алмайды. Сонымен қатар бәсекеге қабілеттілікті

бастады. Қазіргі уақытта әлемдік мата өндірісінде жаңа технологияларды қолдану арқылы химиялық талшықтардан пайдалану үлесі едәуір өсті, мақта, жүн және әсіресе зығардың үлесі азайды. Бүгінгі таңда дамыған елдердің тоқыма өнеркәсібіндегі химиялық талшықтардың үлесі артып келеді, дамушы елдердің экономикасында мақта, жүн, табиғи

жүн (қойдың), кардо және тарақпен түтілген мақта, иірімжіп және тігін, мақта-мата жіптері, қылшықты, түкті маталар және өзге де арнайы маталар, төсек жаймалары, кілемдер және кілем бұйымдары, киіз, жүннен және фетрден басылған аяқ киім өнімдерін шығарады. 2019-2023 жылдар аралығында Қазақстан Республикасындағы тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарында өндірілген өнімдердің заттай көрінісі

### 1-кесте - Заттай көріністегі тоқыма бұйымдары өндірісі

	2019	2020	2021	2022	2023
кардо немесе тарақпен түтілмеген, майсыз жүн (қойдың), тонна	1 547	1 568	2 042	1 893	2 762
кардо және тарақпен түтілген мақта, тонна	105 969	62 899	51 337	53 751	66 882
иірімжіп және тігін, мақта-мата жіптері, тонна	4 700	7 805	10 805	5 967	4 142
маталар, мың шаршы м	25 782,9	41 279,7	48 555,0	57 791,6	55873,2
мақта-маталы маталар, мың шаршы м	24 454,2	21 033,3	24 541,0	25 405,0	24617,9
жасанды және штапельді талшықтардан жасалған (арнайы маталардан басқа) маталар, мың шаршы м	978,9	20 049,5	22 535,0	31 585,5	30 909,1
қылшықты, түкті маталар және өзге де арнайы маталар, мың шаршы м	349,8	168,9	1 005,0	675,0	323,0
төсек жаймалары, мың дана	3 018,9	2 900,2	1 940,9	3 037,3	3 622,7
кілемдер және кілем бұйымдары, мың шаршы м	158,4	1 898,0	2 317,7	2 751,7	2 988,3
киіз, тонна	286	270	209	189	132
жүннен және фетрден басылған аяқ киім, мың жұп	168,1	139,6	104,2	114,0	57,8

елімізде өндіріледі деп айтуға болады, тек оларды шикізат түрінде экспорттаудың орнына, көбірек дайын өнім түрінде экспорттау керек. Ол үшін тоқыма өнеркәсібі саласындағы соңғы жаңалықтарды ескеріп, нарықтағы сұранысқа сай қажетті инновациялық өнім (қызмет көрсету) өндіру қажет. Жоғарыдағы кестелердің мәліметтерінен инновациялық белсенді кәсіпорындар мен инновациялық өнімдердің үлесін салыстыруға болады. Яғни, 2017 жылы республика бойынша тоқыма

тоқыма кәсіпорындары инновациялық қызметті дамытуға қызығушылық танытпай отыр. Польшадағы ШОБ тоқыма кәсіпорындарының тек 13%-ы ФЗТЖ-мен шұғылданады, бұл көрсеткіш Германия мен Италияда - 70%-ды құрайды. Польшадағы тоқыма кәсіпорындарындағы негізгі мәселе жеке зерттеу жұмыстарын жүргізудің төмен деңгейінде болып отыр. Бұл Польшадағы тоқыма кәсіпорындарының инновациялық дамуының төмен деңгейде екендігін көрсетеді, сондықтан біршама



қолдау үшін инновациялық қызмет тек уақытша іс-шара емес, үздіксіз үдеріс болуы тиіс. Бүгінгі таңда еліміздегі тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының экономикалық дамуы, олардың инновациялық белсенділігінің жай-күйіне және деңгейіне байланысты болып отыр. Бұл алдымен тоқыма кәсіпорындарының инновациялық белсенділік көрсеткіштерін анықтауды қажет етеді. Кәсіпорындарға ұсынылатын келтірілген инновациялық идеялар мен тұжырымдамаларды басқару және бақылау үшін көрсеткіштер қажет. Ресурстарды тиімді бөлу және инновациялық үдерістің әр кезеңіндегі тиімділігін бағалау үшін белгілі іріктеу критерийлері маңызды болып табылады. Түрлі өтініш берушілердің инновациялық жобаларға ұсыныстарын нақты бағалау және субсидияланатын жобалардың барысын бағалау үшін нақты көрсеткіштерге ие болу маңызды. Сондай-ақ инновацияларды бағалау үдерісін жетілдіру инвесторларға жаңа кәсіпорындарды қаржыландыруға көмектеседі.

жібек тоқыма шикізатының негізгі түрлері болып қалуға.

Тоқыма өнеркәсібін дамытудың ел экономикасына тигізетін пайдасы көп. Оның ерекшелігі, алдымен халық санының жылдан жылға өсуіне байланысты өнімге деген сұраныстың тұрақты артуы, бұл сала салыстырмалы түрде басқа салаларға қарағанда қомақты инвестицияны қажет етпейді және салынған қаражаттың қайтуы қысқа уақыт ішінде іске аса бастайды, сондай-ақ, капиталдың динамикалық айналымымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, елдегі әлеуметтік мәселелерді шешуде, халықты жұмыспен қамтуда атап айтқанда, тоқыма өнеркәсібі саласында жұмыспен қамтылғандардың басым бөлігі әйелдер, әлеуметтік шилеленісті төмендетуге, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға көмектеседі.

Бүгінгі таңда қазақстандық тоқыма кәсіпорындары өндірісті дамыту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және халықаралық нарыққа шығу үшін бар мүмкіндіктерді максималды түрде пайдалана отырып, салаға инновацияларды енгізу арқылы қол жеткізе алады. Қазіргі уақытта елімізде өндірілетін тоқыма өнімдеріне қажетті шикізаттың басым бөлігі қайта өңделмей қосылған құны төмен тауарлар түрінде экспортқа шығарылып отыр. Отандық тоқыма кәсіпорындарының өнімдері ішкі нарықты қамту деңгейі өте төмен, ал елге қажетті тоқыма өнімдері негізінен импорт есебінен қамтылуда. Сондықтан қазақстандық тоқыма өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, алдымен осы саладағы кәсіпорындардың мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеп, олардың инновациялық белсенділігін басқару тиімділігін арттыру қажет.

Өңдеу секторы өнімдері өндірісінің жалпы көлемінде тоқыма өнеркәсібінің үлесі шамалы. Өндіріс сала тұтынатын тиісті шикізаттар жоқ. Оны өңірден тысқары жерлерден тасымалдау шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілетсіздігіне әкеледі. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындар қуатының жүктемесі 50%-дан кем, бұл өңірге Түркиядан, Қытайдан, Қырғызстаннан және басқа да елдерден алып келетін өте арзан дайын бұйымдармен бәсекеге әкеледі. Саланың негізгі кәсіпорындары - тігін өнімдерін шығарумен және аяқ киім өндірісімен айналысатын «Жамал-ай» АҚ (бұрынғы «Ақбөбек» АҚ) және тек бұйымдар тігуге бағытталған «Жанарыс» ЖШС. Өндірісті қолдау мақсатында екі кәсіпорын да өз өнімдерін мұнай-газ секторына шығаруға қайта бағдарланды және халықтың тұтынуы үшін өнімдер өндіру үлесі мен оның түрлерінің көлемі айтарлықтай емес.

Бұл осы салада қызмет ететін кәсіпорындардың белсенді инновациялық саясатты жүргізу қажеттігін көрсетеді. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан отандық өнім өндіру саласын белсенді қолдау болғанымен тоқыма кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі төмен болып отыр, өйткені олар алға бастайтын инновациялық дамуды көрсете алмай келеді. Осы тұрғыдан алғанда таңдалған диссертация тақырыбы өзекті болып табылады.

Тоқыма өнеркәсібі қоғамда үлкен әлеуметтік маңызға ие, өйткені ол жеке пайдалану үшін әртүрлі өнімдер шығарады және сол арқылы адамдардың материалдық әл-ауқатының маңызды құрамдастарының бірін құрайды. Келтірілген жылдар бойы тоқыма өндірісінің негізгі шикізаты мақта болып келді, одан кейін біртіндеп жібек, жүн, зығар және жасанды талшықтарды пайдалана

Бүгінгі таңда отандық тоқыма кәсіпорындары түрлі тоқыма өнімдерін жоғары сапада өндіретін жағдайға жетіп отыр. Атап айтсақ, кардо немесе тарақпен түтілмеген, майсыз

жүн (қойдың), кардо және тарақпен түтілген мақта, иірімжіп және тігін, мақта-мата жіптері, қылшықты, түкті маталар және өзге де арнайы маталар, төсек жаймалары, кілемдер және кілем бұйымдары, киіз, жүннен және фетрден басылған аяқ киім, мың жұп

бұйымдарын өндіретін кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 7,5% болса, олардың өткізген инновациялық өнімінің көлемі 1596,2 млн. теңге болған. Ал республика бойынша 2017 жылы барлық тоқыма кәсіпорындары өндірген тоқыма бұйымдарының көлемі 43489 млн. теңгені құраған (2-кесте), оның ішінде инновациялық өнімдердің үлесі 3,67%-ды құрап отыр, яғни инновациялық белсенді кәсіпорындар үлесіне қарағанда, олардың инновациялық өнімдерінің үлесі төмен.

1-кесте мәліметтері бойынша 2019-2023 жылдар аралығында кардо немесе тарақпен түтілмеген, майсыз жүн (қойдың) өндірісінің көлемі жылдан жылға өсіп, 2013 жылы 1547 тоннадан 2017 жылдың қорытындысы бойынша 2762 тоннаға жеткен.

Кардо және тарақпен түтілген мақта өндірісі 2019 жылы 105969 тоннадан 2020 жылы 62899 тоннаға дейін, 2021 жылы 51337 тоннаға дейін азайған, 2016 жылы біршама өсіп, 53751 тонна, 2022 жылы 66882 тоннаға құрап отыр.

Иірімжіп және тігін, мақта-мата жіптерінің өндірісі 2019-2023 жылдар аралығында өзгеріп отырған, 2022 жылы 2023 жылмен салыстырғанда 2,5 есе азайып 4142 тоннаға құрап отыр.

2-кесте - «Тоқыма бұйымдарын өндіру» қызмет түрі бойынша экономикалық көрсеткіштер серпіні

Жалпы тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігінің төмендігі (7,5%), олардың шығарған инновациялық өнімдерінің жалпы өнім көлеміндегі (3,67%) үлесінің төмендігі отандық тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқару тиімділігін арттыру қажеттігін көрсетеді.

Жалпы ЕО елдерінде тоқыма саласындағы кәсіпорындардың 85 пайызы инновацияға инвестиция салатын болса, олардың ішінде Германия, Италияда - 90%-дан жоғары, ал Польшада - 50%. Бұл басқа кәсіпорындар сияқты тоқыма кәсіпорындарының үнемі инновациялық дамуды назарда ұстап, оған инвестиция салып, жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыру қажеттігін көрсетеді.

Өнімдік және процестік инновациялар бойынша отандық тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігі туралы статистикалық мәліметтерді қарастырдық, бірақ осы салада кәсіпорындардың маркетингтік және ұйымдастырушылық инновациялар бойынша белсенділігі байқалмады. Сондықтан отандық тоқыма

	2019	2020	2021	2022	2023
Өнеркәсіптік өнім өндірісінің көлемі, млн. теңге	31 588	26 471	29 492	37 601	43 489
Өнеркәсіптік өндірістің индексі, өткен жылға пайызбен	98,0	101,2	100,7	102,8	112,1
Өнеркәсіп өнімдерін өндірудің жалпы көлеміндегі сала өнімдерінің үлесі, пайызбен	0,2	0,1	0,2	0,2	0,2
Кәсіпорындар және өндірістер саны - барлығы	190	168	173	165	164
оның ішінде:					
негізгі қызмет түрін	141	132	135	133	130
Салық салуға дейінгі пайда (залал), млн. теңге	-16 017	-9 605	-92 814	1 770	1 320
Пайдалылық, пайызбен	-41,5	-23,6	-65,9	3,4	2,6
Өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі, өткен жылға пайызбен	105,1	101,6	102,0	109,8	100,8
Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге	4 962	4 120	5 731	3 287	1 073
өткен жылға пайызбен	232,2	79,6	135,3	54,3	30,8

2-кесте бойынша тоқыма бұйымдарын өндіру көлемі республика бойынша барлық өнеркәсіптің өнімінің 0,2%-ын ғана құрап отыр. Кәсіпорындар және өндірістер саны 2013 жылы 190 болса, 2022 жылы 164 болған. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының салық салуға дейінгі пайдасы соңғы 2 жылда оң нәтиже көрсетіп отыр. 2023 жылы пайдалылық 2,8%-ды құраған. Елімізде тоқыма өнеркәсібін дамытуға қажетті барлық жағдай бар. Тек отандық кәсіпкерлер осы салаға қызығушылық танытып, ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті дайын өнім шығаруды қолға алу қажет. Тоқыма саласына қажетті шикізаттардың барлық түрлері

Бүгінгі таңда Қазақстан дамуының индустриалды-инновациялық бағытын тандап отыр, бұл отандық тоқыма кәсіпорындарында инновациялық белсенділікті қолыптастырып, оны тиімді басқаруды қажет етеді.

2023 жылдан бастап ЕО (Еуроодақ) елдерінде, оның ішінде Польшада тоқыма және тігін өнеркәсібінің жағдайы күрделі екендігін көрсетіп отыр. Оған негізінен Азия елдеріндегі тоқыма өнеркәсібінің қарқынды дамуы әсер еткен. ЕО тоқыма өндірісін дамыту және жаңа технологияларды енгізу, ШОБ-ті (шағын және орта бизнес) модернизациялау бойынша шаралар қолданғанымен Польшаның келтірілген

кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруда маркетингтік және ұйымдастырушылық инновациялар тұрғысынан да белсенділікті арттыруға көбірек көңіл бөлу қажет. Өйткені табиғи шикізаттардан тоқыма өнімдерін өндіретін отандық тоқыма кәсіпорындары маркетингтік және ұйымдастырушылық инновацияларды енгізетін болса, олардың инновациялық белсенділігі артып, отандық тоқыма өнімдеріне сұраныс көлемі артатын болады.

**А.Е.ЖАҚЫП,  
Э.М.ХАМИД,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ колледж, трикотаж  
тоқыма пәндерінің  
оқытушылары.**